

ОБЕСПЕЧЕНИЕ БЕЗОПАСНОСТИ ВОДЫ И ЗАЩИТА ДОМАШНИХ ЖИВОТНЫХ ВО ВРЕМЯ ПАВОДКОВ В КАЗАХСТАНЕ

*Весенние паводки в Казахстане ежегодно представляют серьезную угрозу, особенно в сельских районах. Затопления приводят к загрязнению питьевой воды, размыванию дорог и разрушению домов, что осложняет эвакуацию людей и животных.

ПЕРЕД ПАВОДКОМ:

1. Оповещение и подготовка:

- Следите за прогнозами погоды и предупреждениями МЧС.
- Подготовьте аварийный план эвакуации семьи и животных.
- Определите безопасные пути отхода и возвышенные места.
- Обсудите план действий с соседями, родственниками

2. Подготовка питьевой воды:

- Запасите не менее 3-5 литров воды на человека в сутки на не менее 7 дней.
- Храните воду в герметичных ёмкостях, проверяйте их герметичность.
- Очистите и наполните ванны, баки, ведра чистой водой.
- Подготовьте фильтры, таблетки для очистки воды, активированный уголь.
- Узнайте у местных властей, где будут организованы пункты раздачи воды.



3. Защита дома и имущества:

- Перенесите ценные вещи, документы, медикаменты на верхние этажи.
- Упакуйте важные документы в водонепроницаемые пакеты.
- Закупите резиновые сапоги, непромокаемую одежду, фонарики, батарейки, пауэрбанк.
- Подготовьте аварийный комплект: аптечка, сухие продукты, гигиенические средства, вода.
- Укрепите фундамент и входные двери мешками с песком.
- Отключите газ, электричество и воду, если есть угроза затопления.

4. Забота о домашних животных:

- Подготовьте переноски, ошейники с контактами, поводки.
- Сделайте чипирование и обозначьте животных бирками с номером телефона владельца.
- Подготовьте запас корма и воды в водонепроницаемых контейнерах.
- Спланируйте варианты эвакуации животных, уточните у местных властей, принимают ли их в убежищах.



ВО ВРЕМЯ ПАВОДКА:

1. Действия при эвакуации:

- Следуйте инструкциям спасательных служб.
- Закройте газ, электричество и воду в доме.
- Возьмите с собой документы, лекарства, воду и продукты.
- Используйте лодки, плоты для безопасного перемещения.
- НЕ ходите по затопленным улицам – под водой могут быть ямы, провалы, острые предметы.
- Если эвакуация невозможна, оставайтесь на высоких точках, сигнализируйте спасателям.
- Держите детей рядом, не позволяйте им играть в паводковой воде.

2. Безопасность воды:

- Используйте только бутилированную или кипяченую воду.
- Не пейте воду из колодцев, рек, водоёмов – возможны загрязнения химикатами и бактериями.
- Фильтруйте и кипятите воду перед употреблением.
- По возможности, избегайте контакта с паводковой водой – она может содержать опасные инфекции.
- При отсутствии доступа к чистой воде используйте таблетки для обеззараживания.

3. Защита домашних животных:

- Эвакуируйте животных вместе с собой (по возможности).
- Если эвакуация невозможна, отпустите их на свободу – привязанные животные могут погибнуть.
- Подготовьте для них запасы еды и воды в безопасном месте.
- НЕ допускайте, чтобы животные пили паводковую воду.
- Если животное контактировало с грязной водой, тщательно его промойте.

4. Если найдены трупы животных:

- Сразу сообщите в ближайшую ветстанцию или акимат (местные органы управления).
- Фиксируйте местоположение находки (фото, GPS-координаты).
- Категорически запрещается:
 - Зарывать трупы самостоятельно (особенно вблизи источников воды).
 - Перемещать трупы без разрешения санитарных служб.
 - Использовать мясо погибших животных в пищу или корм другим животным.
- Утилизация должна проводиться только с участием уполномоченных служб (ветеринарной и санитарной).

5. Куда обращаться:

- Ветстанция района / Управление ветеринарии.
- Районный акимат.
- МЧС (тел. 112) — единый номер службы ЧС.



ПОСЛЕ ПАВОДКА:

1. Безопасность воды:

- Кипятите или обрабатывайте воду дезинфицирующими средствами.
- Перед использованием почистите и продезинфицируйте колодцы.
- Утилизируйте все продукты и лекарства, контактировавшие с паводковой водой.

2. Оценка повреждений:


- Проверьте фундамент и стены дома, прежде чем входить.
- Будьте осторожны с обрушением конструкций, электричеством, газом.
- Удалите воду, хорошо просушите дом для предотвращения плесени.
- Проверьте качество питьевой воды перед употреблением.

3. Уход за домашними животными:

- Осмотрите животных на раны, признаки болезни.
- При первых симптомах обратитесь к ветеринару.
- Очистите миски, подстилки и корм от возможного загрязнения.

ЧЕК-ЛИСТ ПОДГОТОВКИ

1. Ознакомлены с планами эвакуации и местами убежищ
2. Подготовлен аварийный комплект
3. Знаете что нужно при необходимости отключить электричество, газ, воду
4. Имеются резиновые сапоги и непромокаемая одежда
5. Есть запас еды и воды
6. Знаете что нужно избегать затопленных мест и не пересекаете паводковую воду
7. Знаете что нужно покинуть автомобиль через окно при необходимости
8. Знаете что нужно следовать на возвышенности или на крышу при угрозе затопления
9. Знаете что нужно следить за предупреждениями, избегаете затопленных районов
10. Подготовили дезинфицирующие средства
11. Для пожилых: запаслись лекарствами на 2 недели



ДА НЕТ



Национальный центр общественного здравоохранения МЗ РК

юнисеф

для каждого ребенка

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗІНДЕ СУ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫН ҚОРҒАУ

Қазақстанда, әсіресе ауылдық аймақтарда көктемгі су тасқындары жыл сайын елеулі қауіп төндіреді. Судың басуы ауыз суды ластан, жолдарды шайып кетеді, үйлерді қиратып, адамдар мен жануарларды эвакуациялауды қиындатады.

СУ ТАСҚЫНЫ АЛДЫНДА

1. Хабарландыру және дайындық

- Ауа райы болжамдарын және ТЖМ ескертулерін бақылаңыз.
- Отбасыңыз бен жануарларды шұғыл эвакуациялау жоспарын дайындаңыз.
- Қауіпсіз шығу жолдарын және биік жерлерді белгілеңіз.
- Көршілермен, туыстармен іс-қимыл жоспарын талқылаңыз.

2. Ішуге жарамды су дайындау

- Әр адамға тәулігіне кемінде 3-5 литрден 7 күнге жететін су қорыңыз болсын.
- Суды ауа кірмейтін, герметикалық ыдыстарда сақтаңыз, олардың бүтіндігін тексеріңіз.
- Ванналарды, бактарды, шелектерді тазартып, таза сумен толтырыңыз.
- Су сүзгілерін, тазарту таблеткаларын, белсендірілген көмірді дайындаңыз.
- Жергілікті биліктен су тарату пункттері қайда ұйымдастырылатынын біліңіз.

3. Үй мен мүлікті қорғау

- Құнды заттарды, құжаттарды, дәрі-дәрмекті жоғары қабаттарға апарып қойыңыз.
- Маңызды құжаттарды су өтпейтін пакеттерге салыңыз.
- Резеңке етік, су өткізбейтін киім, қолшамдар, батареялар, пауэрбанк сатып алыңыз.
- Авариялық жиынтықты дайындаңыз: дәрі қобдишасы, құрғақ тағам, гигиеналық құралдар, су болу керек.
- Үйдің іргетасы мен кіреберісіне құм салынған қаптарды қойып бекітіңіз.
- Су басу қаупі туса, газды, электр мен суды өшіріңіз.

4. Үй жануарларына қамқор болу:

- Тасымалдағыштарды, байланыс деректері жазылған мойынбауларды, қарғыларды дайындаңыз.
- Жануарларды чиптеп, иесінің телефон нөмірі көрсетілген биркалар тағыңыз.
- Құрғақ азық пен суды су өтпейтін контейнерлерге салып қойыңыз.
- Жануарларды эвакуациялау нұсқаларын жоспарлап, жергілікті биліктен паналау орындары оларды қабылдай ма, анықтаңыз.

СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗІНДЕ:

1. Судың қауіпсіздігі:

- Тек бөтелкедегі немесе қайнатылған суды ғана ішіңіз.
- Құдық, өзен, тоған суын ІШПЕҢІЗ — құрамында химикаттар мен бактериялар болуы мүмкін.
- Суды пайдаланар алдында сүзгіден өткізіп, қайнатыңыз.
- Мүмкіндігінше тасқын суымен жанасудан аулақ болыңыз — оларда қауіпті инфекциялардың болуы мүмкін.
- Таза суға қолжетімділік болмаса, зарарсыздандыру таблеткаларын қолданыңыз.

2. Эвакуация кезіндегі іс-қимыл:

- Құтқару қызметтерінің нұсқауларын орындаңыз.
- Үйдегі газды, электрді, суды жауып шығыңыз.
- Құжаттарды, дәрі-дәрмекті, су мен азық-түлікті өзіңізбен бірге алыңыз.
- Қауіпсіз қозғалу үшін қайықты, салды пайдаланыңыз.
- Су басқан көшелермен жүрмеңіз — су астында шұңқыр, өткір заттар болуы, опырылуы мүмкін.
- Эвакуациялау мүмкін болмаса, биік жерлерде қалып, құтқарушыларға белгі беріңіз.
- Балаларды қасыңыздан жібермеңіз, сумен ойнауына рұқсат етпеңіз.

3. Үй жануарларын қорғау:

- Мүмкін болса, жануарларды өзіңізбен бірге эвакуациялаңыз.
- Эвакуациялау мүмкін болмаса, оларды босатып жіберіңіз — байланған жануарлар ажал құшуы мүмкін.
- Қауіпсіз жерге олар үшін тамақ пен су қорын қалдырыңыз.
- Жануарлардың тасқын суын шуине жол бермеңіз.
- Егер жануар лас суға малынса, оны мұқият жуындырыңыз.

4. Өлген жануарларды тапқан жағдайда:

- Ең жақын ветстанцияға немесе әкімдікке (жергілікті басқару органдарына) дереу хабарлаңыз.
- Табылған орнын белгілеңіз (фото, GPS координаттары).
- Мыналарға:
 - судың қасында өлекселерді өздігінен көмуге;
 - санитарлық қызметтің рұқсатынсыз өлексені тасымалдауға;
 - өлген жануарлардың етін тамаққа немесе басқа жануарларға азық ретінде пайдалануға ҚАТАҒ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.
- Өлген жануарларды жою тек уәкілетті (ветеринарлық, санитарлық) қызметтердің қатысуымен ғана жүргізілуі тиіс.

5. Қайда жүгінуге болады?

- Аудандық ветстанция / Ветеринария басқармасы.
- Аудандық әкімдік.
- ТЖМ (112) — төтенше жағдайлар қызметінің бірыңғай нөмірі.

СУ ТАСҚЫНЫНАН КЕЙІН:

1. Судың қауіпсіздігі:

- Суды қайнатыңыз немесе дезинфекциялау құралдарымен өңдеңіз.
- Құдықтарды пайдаланар алдында тазартып, дезинфекциялаудан өткізіңіз.
- Тасқын суына түскен азық-түлікті және дәрі-дәрмектерді жойыңыз.

2. Зақымдануын бағалау:


- Үйге кірмес бұрын үйдің іргетасы мен қабырғаларын тексеріңіз.
- Құрылымдардың құлауына, электр тогына, газға сақ болыңыз.
- Суды шығарып, көгерудің алдын алу үшін үйді жақсылап құрғатыңыз.
- Ауыз судың сапасын тексеріп барып қана пайдаланыңыз.

3. Үй жануарларына күтім жасау:

- Жануарлардың жарақаты, ауру белгілері бар ма, жоқ па, қарап-тексеріңіз.
- Алғашқы симптомдар байқалса, ветеринарға қаратыңыз.
- Мискілерді, тұратын орнын, жем-шөпті ластанудан тазалаңыз.

ДАЙЫНДЫҚ ЧЕК-ПАРАҒЫ

1. Эвакуациялау жоспарларымен және баспана орындарымен таныссыз
2. Авариялық жиынтықты дайындады
3. Қажет болған жағдайда электр, газ, суды өшіру керектігін білесіз
4. Резеңке етік пен су өтпейтін киім бар
5. Тамақ пен су қоры бар
6. Су басқан жерлерден аулақ болу және тасқын суын кесіп өтпеу керектігін білесіз
7. Қажет болса, автокөлікті терезе арқылы тастап шығу керектігін білесіз
8. Су басу қаупі төнгенде биік жерге немесе шатырға шығу керектігін білесіз
9. Ескертулерді қадағалап, су басқан аудандардан аулақ болу керектігін білесіз
10. Дезинфекциялау құралдарын дайындады
11. Қарттар үшін: 2 аптаға жететін дәрі-дәрмек қоры болу



ИӘ ЖОҚ



ҚР ДСМ Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы

юнисеф 
әрбір бала үшін